

Қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 269 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 қазанда № 2106 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 59 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 29.01.2015 № 59 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағы негізінде, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: елді мекендер аумақтарын көріктендіру және тазалау.

2. Қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаға сотталғандармен жазаны өтеу орны: «Созақ сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

3. Ауыл, поселке округтерінің әкімдері Созақ аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Еспенбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Аймұрзаев